

<sup>1</sup>Орынбор мемлекеттік педагогикалық университет, Орынбор қ., 460000, Ресей Федерациясы

<sup>2</sup>Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе қ., 030012

Қазақстан Республикасы, <sup>3</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы

*Зерттеудің мақсаты У. Тернердің “Shade and Darkness – the Evening of the Deluge and Light and Colour (Goethe’s Theory)” және “The Morning after the Deluge – Moses writing the Book of Genesis” суреттерінің мәтіндік сипаттамаларындағы жалпылық пен ерекшелікті анықтау болып табылады. Зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде ағылшын суретшілері туралы алты монография таңдалды, оларда У. Тернердің белгіленген картиналарының ауызша сипаттамасы қаралды. Негізгі зерттеу әдісі – интерпретациялық талдау, және интроспекция. Ағылшын суретшілері туралы монографияларда өзекті тұжырымдама – «painting» ұғымы көркем сын монографияларының мәтіндерінде жеке суретшілердің жазу стилінің ерекшеліктерін (мысалы, У. Тернер) және көркемдік тенденцияларды (мысалы, модернизм мен импрессионизм), сонымен қатар субъективті сипаттауда көрінеді. монография авторының сипаттау тақырыбына қатынасын бағалау арқылы білдіру.*

Материал 30.09.2020 баспаға түсті

### **Empirical Investigaton of Verbal Description and Evaluation of W. Turner’s Pictures**

M. Belmessova<sup>1</sup>, G. Jenalayeva<sup>2,3</sup>

<sup>1</sup>Orenburg state pedagogical univesity, Orenburg, 460000, Russia

<sup>2</sup>West Kazakhstan Marat Ospanov medical university, Aktobe, 030012, Republic of Kazakhstan,

<sup>3</sup>Aktobe regional university named after K. Zhubanov, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan

*The present study aims to identify the subjective and objective in the textual description of Turner’s paintings “Shade and Darkness – the Evening of the Deluge and Light and Colour (Goethe’s Theory)” and “The Morning after the Deluge – Moses writing the Book of Genesis”. Six monographs on the English artists with verbal description of Turner’s paintings have been selected as empirical data. The main method of research is interpretive analysis and secondary method is introspection. The key concept of monographs on the English artists is “painting”. Our results demonstrate that it is manifested in the art discourse in describing specifics of painting as a process (W. Turner’s way of painting), art directions (e.g. modernism, impressionism), and author’s subjective and objective views of a painting.*

Received: 30.09.2020

MFTAP 16.21.07

**Ф.Т. Саметова,<sup>1</sup> А.А. Сарымбетова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қайнар академиясы, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

### **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІНІҢ ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒЫТЫ**

*Сөйлеу коммуникативті актіні бастау мақсатындағы қажеттіліктен туындайды. Сөйлеу арқылы қарым-қатынас орнап, тыңдаушыға әсер етіп, сөйлем коммуникациясы жүзеге асады. Сондықтан да қазіргі кезде лингвистикада сөйлеу коммуникациясы, теориясы немесе сөйлеу актісі жаңа бағыт ретінде қарастырылып жүр, тілді прагматикалық тұрғыдан зерттеу өзекті*

мәселелердің біріне айналды.

*Тілдің қарым-қатынас қызметі әртүрлі аспектіде жүзеге асырылатындықтан, прагматика тілдің жалпы коммуникативтік қызметімен байланысты болады, сондықтан да қолданыстағы тілдік мән мен мазмұнның айырмашылығын ажыратуда прагматикалық бағыт – негізгі ұстаным болады. Қазақ тіліндегі сөйлеу әрекеті – сөйлеу тілін прагмалингвистика тұрғысынан зерттеудің қажеттілігі коммуникативтік қызметтің артуына байланысты қалыптасып отыр. Қазақ тіл білімінде прагматика қарастыратын мәселелер мақсатты түрде болмағанымен, ғылыми зерттеулер барысында қазіргі уақытта жиі айтылып жүр.*

*Кілт сөздер: сөйлеу әрекеті, прагмалингвистика, қазақ тілі, қазақ тіл білімі, тілдің коммуникативтік қызметі.*

## КІРІСПЕ

Соңғы кезде жалпы тіл білімінде сөйлеу коммуникациясы мәселелері әр қырынан зерттеліп, оның бірқатар мәселелері қазақ тіл білімінде де қарастырылып жүргені белгілі. Сөйлеу коммуникациясы қарым-қатынас негізі ретінде жасалғандықтан, тілімізде оның ықпалы күшті екендігі тәжірибеде дәлелденді, ол – дайындықсыз, еркін түрде өтіп, адам факторының рөлін ашып береді. Тілдің коммуникативтік қызметі жеке тіл бірліктерінің қарым-қатынастық қызметтерін экстралингвистикалық факторлармен байланыстыра отырып жүзеге асырады. Ең алдымен, коммуникация – адамдардың өзара байланысы, қарым-қатынасы болып табылады.

Қоғам мен тұлға тарихы, мәдениет пен өркениет тарихы – ертеректегі берік орныққан ғылыми білім саласының тарихы антикалық уақыттан бері белгілі. Тілдердің даму тарихы ғылыми әлемді екі жүз жылдан бері қызықтырып келе жатыр, ал сөйлеу коммуникациясының зерттелінуі онымен салыстырғанда әлі де болса «бесікте» жатыр. Тіпті тарихшы ғалымдардың өздері әлеумет пен мәдениетті (өркениет) сипаттаудың құралы ретінде әдеби материалдарға (соның ішінде, драмалық шығармалар да бар) белгілі бір кезеңнің өкілдерінің мінездемелерін беру үшін жиі жүгініп отырады. Сөйлеу коммуникациясының әр түрлі аспектіде тарихи өзгерістерінің әлеуметтік лингвистика, психология, прагматика деңгейінде салыстырмалы лингвистикалық зерттелінуі ауқымды нәтижелерге қол жеткізді.

Халқымызда «Көз жеткізбегенді сөз жеткізеді» деген тамаша мақал бар. Мұның мағынасы тікелей таным арқылы бейнелетін заттар мен құбылыстардың қасиеттері түйсік, қабылдау, елес процестерінің шектеулі шеңберін тереңдете түсініп, олардың мән-мағынасы сөз бен сөйлеу әрекетінің бейнелеуші-танымдық ерекшеліктері арқылы барынша ұғынықты бола түседі дегенге саяды. Сөздерді қабылдау мен түсіну күрделі механизмдер арқылы жүзеге асып отырады. Қарым-қатынас сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асып отырады. Бұл ретте сөйлеу әрекетінің бірнеше сатыдан тұратын заңдылығы бар. Мұны сөйлеудің фазалары не сөйлеу әрекетінің сатылары деп атайды. Бұлар: а) сөйлеуге даярлық; ә) жоспарлау; б) жүзеге асыру; в) бақылау сатылары. Сөйлеудің көптеген сипаттары ойлау әрекетіне ұқсас. Ойлау әрекеті адамның танып білу мақсатын көздейтін болса, ал сөйлеу әрекеті арқылы қатынас жасау (коммуникация) мақсаты көзделеді. Изет, құрмет, сыйластық сезімдерде адамдар арасындағы қатынастың бір түрі болып саналады. Қатынас жасаудың ым-ишара білдіру, бет құбылысы мен көзқарасы арқылы түсінісу сияқты түрлері де бар, айтылатын ой-пікірді, сезім күйі мен эмоцияны басқа адамдарға білдірудің тәсілі болып саналады. Коммуникативті әрекет сөзсіз де жүзеге асады. Дегенмен, адамдардың қатынасында сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасаудың маңызы зор.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Сөйлеу әрекетінің атқаратын қызметтері ғылыми тұрғыдан мынадай үш түрлі салаға топтастырылып қарастырылады: 1. Сөйлеудің коммуникативтік қызметі. 2. Сөйлеудің сигнификативтік қызметі. Бұл латынның «сигнал» – белгілі, таңба деген сөзінен шыққан. Сигнификативтік қызмет бойынша сөйлеуде адамдар бір-бірін белгілер мен таңбалар арқылы түсінетін болды. 3. Сөйлеудің экспрессивтік қызметі – әр алуан хабарлар мен жай-жоспарлардың

мәнерлі сөзбен, құлаққа жағымды үнмен, дауыс ырғағы мен адамның сезіміне әсер етіп, тұла бойын шымырлатып жібереді. Сондықтан сөйлеу әрекетінің бұл түрі сөздерді нақыштап айтумен ой жүйесінің қисынды болуын талап етеді. Сөйлеген сөз, айтылған ой – адам психикасына күшті әсер ететін тітіркендіргіш. Адамның сөйлеу әрекеті түрлі белгілеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Осы негізде сөздер атаушы сөздер мен коммуникативті сөйлеу болып та бөлінеді. Ал сөйлеудің жоспарлы түрде мақсат-міндеттерді көздейтін түрі бағдарлы сөйлеу делінеді. Бұл орайда, сөздер үнемі бағдарлы түрде айтылатын активті сөйлеу мен сөйлеудің құрылысын талап ететін реактивті сөйлеу болып жетіледі. Сондай-ақ, сөйлеудің тағы бір түрі қосалқы сөз деп аталады. Сөйлеудің қосалқы түрі сөйлеудің қалыпты құрылысын қатаң талап етпесе де, өздігінен сөйлеу түрі болып саналады. Қосалқы сөйлеуге, мәселен, жазба мәтіндерді оқу жатады. Сөйлеу әрекетін топтастырып ажыратуда ерекше маңызы бар жайт – сөйлеудің еркін болуы. Бұл сөйлеуді топтастырып бөлудегі үшінші негіз болып саналады. Ал төртінші негіз бойынша сөйлеу сыртқы және ішкі белгілеріне орай жіктеледі. Осы негізге сүйене отырып, сөйлеуді сыртқы сөз – дауыстап естіртіп сөйлеу және іштей сөйлеу (үнсіз сөйлеу) деп екі топқа бөлеміз.

Сөйлеудің адамдар әрекетінде жетекші қызмет атқаратын түрі – коммуникативті сөйлеу. Ол күнделікті қарым-қатынас барысында кеңінен қолданылады. Сөйлеудің бұл түрі: а) монологтық сөйлеу (дара адамның сөйлеуі), ә) диалогтық сөйлеу (екі не бірнеше адамның сөйлесуі, әңгімелесуі), б) үнсіз (іштей) сөйлеу, в) жазба сөз болып төрт топқа бөлінеді. Сөйлеудің бұл салаларының әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Коммуникативті актінің қарама-қарсы екі қыры бар: хабар таратушы-хабар алушы, жазушы-оқушы, сөйлеуші-тыңдаушы, продуциент-реципиент, адресант-адресат. Осы орайда сөйлеу қатысымындағы коммуникацияны адресант пен адресат десек, мәтін коммуникациясы автор мен оқырман болып бөлінеді. Өйткені, адресант пен адресат сөйлеу коммуникациясы арқылы ауызша қарым-қатынасқа түссе, жазбаша формасы мәтін арқылы автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді. Автор мәтін арқылы екінші адамға әсер етіп, жаңа көзқарастың туындауына, білім аясының кеңеюіне ықпал етсе, дискурс тікелей сөйлеу коммуникациясы арқылы әсер етеді, қарым-қатынас орнатады. Демек, дискурс – сөйлеу арқылы қарым-қатынасқа түсу, сөйлеу актісі және оның шешімі болса, мәтін – тілдік жүйедегі лингвистикалық білім аясы. Осыған байланысты зерттеуші-ғалым Н.Д.Арутюнова «Дискурс – экстралингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық және де басқа да факторлармен тұтаса байланысқан мәтін; жағдаяттық аспектіде алынған мәтін» деген болатын [4, 136]. 1960-70 жылдары дискурс сөйлемнің немесе сөйлеу актісінің ғана байланысы ретінде қарастырылса, кейін келе оның ауқымы кеңейіп, күрделі коммуникативтік қарым-қатынасты, сонымен бірге экстралингвистикалық факторлар (әлем туралы білімі, көзқарасы) арқылы байланысқа түсуді қамтиды. Дискурсты прагматикалық тұрғыдан қарастырғанда, Ч.Морристің семиотикасымен (семантика – синтактика – прагматика) байланыстыруға болады. Дискурсқа бару үшін тіл жүйесінің тетігін (код) табу керек. Ол үшін білім аясы, экстралингвистикалық фактор қалыптасу қажет. Дискурсты театр сахнасында да көруге болады. Актерлер дайын мәтінді айту арқылы рөлге кіреді, екінші тыңдаушыға әсер етеді, яғни театр сахнасында да дискурс орнайды. Бұл – драмалық дискурс. Сөйлеу коммуникациясы мен дискурстың атқаратын қызметін анықтау барысында олардың бірдей, тең дәрежеде іске асатындығы көрінеді. Осы орайда мәтін мен дискурсты Ч.Моррис «мәтін дегеніміз – сөз актісінің жазудағы көрінісі болса, ал дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы қызметі» деп сипаттайды [5, 4].

Лингвистикада сөйлеу коммуникациясы тіл мен сөйлеуден басталады, яғни тіл мен сөйлеу бір-бірімен тығыз қарым-қатынасты өрбиді, бірі – жүйе болса, екіншісі – іске асатын үдеріс. Тіл мен сөйлеудің айырмашылығын зерттеген ең алғаш швейцар лингвисті Фердинанд де Соссюр тіл мен сөйлеуге мынадай анықтама береді: «Тіл – таңбалар жүйесі ретінде, әрі оны реттеп тұратын болса, ал сөйлеу қарым-қатынас үшін қызмет атқаратын таңбалар жүйесі» [6, 31]. Мұнда автор тілдің жүйесі мен құрылымы болатындығын, ал сөйлеу іске асатын көрініс екендігін дәлелдеп, тіл мен сөйлеуге тән басты айырмашылықтарды нақтылай түскен, яғни тіл – барлық дыбыстық таңбалардың жиынтығы болса, сөйлеу – дыбысталудың жиынтығы. Осы орайда Фердинанд де Соссюр тіл мен сөйлеуді бір-бірімен қарым-қатынаста қарастырып: «Сөйлеудің тарихи фактісі

әрдайым тілден бұрын болады; ...тіл – сөйлеудің құралы да, сонымен қатар өнімі де», - деп тілдің негізгі қаруы сөз екендігін айтып, сөйлеу әрекетін екі түрлі қырынан қарастырады. Оның бірі – тіл (құрылым, жүйе), ал екіншісі – сөйлеу арқылы мағыналы, нақты хабар беру әрі іске асуы [6, 34]. Тіл өз мақсатына жету үшін таңбалар мен сөздерді қарастырып, таңбалар жүйесін құрап, адамның түсінігіне ыңғайлы әрі түсінікті болуын қажет етеді. Сол себепті тіл мен сөйлеу бір-бірімен ажырамас бірлікте қарастырылады. Тіл арқылы адам баласы бүкіл дүниенің қыры мен сырына қанық болып, өзінің саналы ойын, білімін жетілдіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тәжірибелерін дамыта түсетіндігі белгілі. Тіл – жүйе, оған тілдік бірліктер фонема, интонама, сөз синтагма, сөйлем, т.б. элементтердің жататындығы белгілі және тіл жүйесінің элементтері оның мүшелері ретінде қызмет етеді. Тіл – адамдардың негізгі қарым-қатынас құралы, тану мен ойлаудың негізі. Қоғам бар жерде тіл бар, ал тілсіз қоғам болып қалыптасу мүмкін емес. Тілдің негізгі мақсаты – әртүрлі салада мәлімет беру. Сондықтан да тіл – таңба ретінде адам санасында туындап, белгілі бір жүйе ретінде қалыптасатын құрылым болса, сөйлеу нақты іске асуы болып табылады. Тіл – қатынас жасау үшін жинақталған материалдар жүйесі әрі сөйлеудің ең қажетті құралы болып табылады. Тіл арқылы сөйлеу үдерісі мақсатына жетіп, өз қызметін орындай алады.

Қазақ халқы – сөз өнеріне көп мән беріп, жоғары бағалаған халық. Тоқсан ауыз сөзден тобықтай түйін түйгендігін, мақал мен мәтел қолданыстарынан байқауға болады. Әсіресе «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Өнер алды – қызыл тіл» деп бекер айтылмағандығы белгілі. Ежелден ата-бабаларымыз шешен сөйлейтін адамдарды ерекше бағалап, құрмет тұтқан. «Қазақтың шешендік өнері – ұлттық ауыз әдебиеттің бір саласы ретінде қазақ фольклорының өзіндік бітім болмысын айқындайтын, ерекшелігін көрсететін, сайып келгенде, халық дүниетанымын бейнелейтін ерекше жанр. Ал әлеуметтік феномен тұрғысынан алғанда, шешендік дәстүр – белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамдық кеңістікте, қалай да бір адами уақиғаға байланысты қалыптасып, көркем тілмен айтылатын және әлеумет қабылдап, мойындаған үлгі ойлар, идеялар, тұжырымдар үрдісі, рухани-әлеуметтік құндылықтар жүйесі немесе тарихи-мәдени тұрғыда қалыптасқан әлеуметтік шындық» [7, 54]. Қазақ шешендерінің топ алдындағы сөз саптау өнерінің ерекше ықпалы мен қозғаушы күшінің бұрын-соңды зерттеулерде көп кездеспеген, арнайы айтылып-ашылмаған сыры мен сымбатын ұғыну, оның прагмалингвистикалық белгісін ұғыну болып табылады. Жәнібек хан мен Жиренше шешеннің сөз сайыстары мен жұмбақтап сыр тартысқан екеуара астарлы әңгіме-дүкендері, олардың әлеуметтік реңкке толы сұрақ-жауаптары ақылға толы, санатты да әдепті юморға бай әзіл-оспақтары шешендіктің шырқау шегіне шыққан сөз бен әрекет өнерінің айқын мысалы екені бәрімізге мәлім. Әу баста-ақ, алқалы топқа арналған сөз болып туған, яғни театрға, актер үшін дүниеге келген сөз, әрекет, іс-қимылға құрылады. Ал, әрекет пен іс-қимыл осы біз сөз етіп отырған прагмалингвистиканың негізін құрайтын зерттеу көзі, прагматикаға тән ұғымдар.

Халқымызда сөйлеген сөзден-ақ әр адамның ішкі жан дүниесінің қандай екендігін, білімін, мәдениеттілігін байқап, баға беріп отырған. Сондықтан тілімізде мәнерлеп, нақты әрі анық сөйлеудің орны ерекше, яғни сөйлеу – адамның ішкі айнасы. Сонымен қатар, сөйлеу – ең алдымен коммуникативті актіні бастау мақсатындағы қажеттіліктен туындайды. Сөйлеу арқылы қарым-қатынас орнап, тыңдаушыға әсер етіп, сөйлем коммуникациясы жүзеге асады. Сондықтан да қазіргі кезде лингвистикада сөйлеу коммуникациясы, теориясы немесе сөйлеу актісі жаңа бағыт ретінде қарастырылып жүр. Сөз саптау өнерінің ерекше ықпалы мен қозғаушы күшінің бұрын-соңды зерттеулерде көп кездеспеген, арнайы айтылып-ашылмаған сыры мен сымбатын ұғыну, кестеленіп келіскен монологтар, диалогтар мен маңызы терең маржан сөздердің мәнін түсініп, оны адресаттың көкейіне жеткізудің жолдарын қарастыру, ықпал ету күшін бағамдау сөз саптауының қазақи қалпының бұзылмауына бел шешіп араша түсуді қажет ететін бүгінгі күннің талабынан туындап отыр.

Осы күнгі лингвистиканың дамуында сөйлеу үдерісі жөнінде көптеген ой-пікірлер қалыптасқан. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынов еңбегінде «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы білуі тиіс» деп, сөйлеудің мақсатын прагматикалық тұрғыда айтып өткен [8, 149].

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілінің бірі Қ.Жұбанов тілдің өзіндік ерекшелігі ретінде номинация және коммуникацияны атап көрсеткен. Ғалым олардың айырмашылықтарын былайша түсіндіреді: «Әр нәрсенің өзін жеке көрсету, даралап айту қасиетіне ие болған сөз – зат, сипат, құбылыс аттары болып қалыптасқан. Бұл аталғандар – тілдің негізгі өзгешеліктері. Тілдегі осы айтылған ат қою мүмкіншілігін номинация дейміз. Тілдің бұдан басқа тағы бір қызметі – хабар беру. Оның бұл өзгешелігін коммуникация дейміз», – дей келе ғалым тілдің бұл қызметтерінің ерекшелігін мысалдармен дәлелдеп, мынадай қорытынды жасайды: «сөз белгілі тәртіппен тізіліп барып, хабар болады, сөздер жеке-жеке жүреді, бірақ олар жекелік үшін жасалған емес, басқаға жанасым тауып, үйлесерлік болып жасалған. Өз басы атау болуға жаралған сөзді бүтін дейміз. Бүтін, әрине бөлшек емес. Сөйте тұра, олар құрамды бөлшек болып барып, материал болып, тұтас ой туғызатындықтан, жеке сөздерді үйлесім табушылар тобының бір бөлшегі дейміз» [9, 98-100] десе, С.Аманжолов: «...Сөйлеу процесті, ал сөйлем процесті ғана емес, тиянақтылықты да, қарым-қатынастың басқа да белгілерін де көрсететін категория» деген болатын [10, 15].

К.Аханов: «Тіл – тек қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының да құралы. Адамның тілі ой арқылы, тілдегі сөйлемдер мен сөздер арқылы айтылып, белгі бола алады. Ой және оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұғынылады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып, не жазып жеткізеді», – деген [11, 68]. Ғалым пікірінен тіл мен ойлаудың ажырамас бірлікте екеніне және ойлаудың тіл арқылы жүзеге асатынына көз жеткізуге болады.

Академик Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда атқаратын өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсіну үшін қажетті қызметі; екіншісі – көркем шығарма тіліне тән адам баласына образ арқылы әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі; үшіншісі – ғылыми терминмен айтқанда, кумулятивтік қызметі, яғни ол тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті», – деп, тілді рухани құндылық ретінде бағалайды [12, 24-25]. Бұл – қатысымдағы сөздің, сөздер жиынтығы арқылы қызмет ететін тілдің басты бағыттарын айқындайды. Бейнеленудің күрделі сипат сырлары өзара байланыстары және қасиет ерекшеліктері сөз анық сөйлеу арқылы таңбаланып адамның жалпы дүниетанымдық көзқарасымен санасын, ақыл-ойын қалыптастырады. Адам дүние танымының күрделі қасиет сипаттарының әр тарапты терең болуының мән-жайы да оның сөйлеу әрекетіне болмысты анық дыбысты тіл арқылы тепе-тең етіп бейнелей алуына байланысты. «Тіл адамның ақыл-ойын ғана білдіріп қоймайды, сезімін де білдіреді. Кісі сөйлескенде өз бойындағы әсер-сезімін тыңдаушысы да сезінсе дейді, оны еліктіргісі келеді, сөзінің тыңдаушыға сыпайы, жағымды тиноін де ойластырады», – деген болатын ғалым Ә.Рақыш [13, 106].

Тіл білімінде стилистика өзімен шектес ғылымдармен тоғысып, экспрессивті стилистика, коммуникативтік-прагматикалық сияқты бағыттарының негізі қаланды. Стилистика, риторика, шешендік өнер, сөйлеу коммуникативтік теориясы, сөйлеу актілерінің теориясы, психоллингвистика, прагматилистика аспектілері негізінде зерттелінуде, жаңаша ғылыми теориялық мәліметтермен толығуда. Бүгінгі таңда қазақ тілін прагматикалық тұрғыдан зерттеу теориясы және практикалық мәні – коммуникация, когнитивті лингвистика, тіл мәдениеті, стилистика, әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика саласымен тығыз байланысты. Стилистикалық нормамен қатар, тілдік нормалар бар, ол негізінен тіл мәдениетінің категориясына жатады, стилистикалық норма стилистиканың категориясы болып табылады. Тілдік норманың проблемалары тіл мәдениеті мәселесіне барып тіреледі. Тілдік мәдениет дегеніміз – қарым-қатынас жағдаяттарында коммуникативтік қарым-қатынас жетістіктерін қамтамасыз ету үшін тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, тәртіпті әрі жүйелі қолдану.

Прагматиканың күрделі көп аспектілі сала екендігіне ғалымдар о бастан-ақ назар аударып бастаған. Әлемдік және орыс тіл білімінде прагматикаға қатысты зерттеулердің көбі лингвистикалық талдаулардың өн бойында прагматикалық фактордың бар екеніне көңіл аударды. Бұның басты себептері тілді зерттеудің жаңаша бағыттарымен байланысты болды. 20 ғасырдың соңғы ширегінде тіл білімінің антропологиялық парадигмаға көшуі тілді адаммен, адамды тілмен

бірге қарастыру мәселесін негізгі ұстаным етіп алды. «Қазақ тілі осы уақытқа дейін жалаң лингвистикаға құрылып, адамға (туғызған халыққа) байланыссыз оқытылды. Тіл мен оны туғызған халықты, яғни тіл мен адам факторын, байланыстыруда өткен ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында жалпы тіл білімінің негізін салушы Вильгельм фон Гумбольдт идеялары негізінде антропоцентристік парадигма ретінде пайда болды» [14,5]. «Тіл мен адам арасындағы қарым-қатынасты зерттейтін прагматика» тілдік емес факторлардың ішінде прагматикалық фактордың бар екенін толық дәлелдеп берді. Күнделікті өмір адамдар арасындағы сан-салалы байланыстар мен қарым-қатынастарға толы. Оны саралап ой елегінен өткізетін болсақ, олар адамдардың әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстау, мінез-құлық пен жүріс-тұрыс, сөйлеу тәртібіне, бір сөзбен айтқанда әдеп, әсіресе сыпайылық ережелеріне келіп тіреледі. «Адамына қарап сөзін алма, сөзіне қарап адамын ал» дейтін Абайдың сөзінен адамның сөйлеуі арқылы оның әлеуметтік, рухани, психологиялық тұлғасын тануға болады деген философиялық ойын ұғамыз. Ал сыпайылық дегеніміз – адам мінез-құлқына тән ізеттілік, инабаттылық, әдептілік, кішіпейілділік қасиет. Адам баласы белгілі бір қоғамда өмір сүріп, бірлесіп еңбек етеді. Қандай болмасын қоғамның көпшілік қабылдаған сыпайылық ережелері, қарым-қатынас жасау қағидалары болады. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас және туыстық араласуы сол қағидаларға негізделеді.

Әр халықта бір-біріне ортақ болып келетін лексикалық мағынасымен бірге сыпайылық мағына білдіретін сөздер көп екенін байқауға болады. Дегенмен, ортақ сыпайы сөздер әр елде өз талап ережелеріне сай қолданылады. П.Грайс, Дж.Личтің түрлі халықтардың тілдік қатынаста қарама-қайшылықтарға, түсініспеушілікке, ұрыс-керіске ұшырамауы үшін ұсынған сыпайылық стратегиясы қазақтың ұлттық мәдениетінде бұрыннан бар ереже, норма. Сөз этикасының этикеттік бөлігі байланыс орнату, байланысты жалғастыру, байланысты аяқтау тәрізді қарым-қатынас тәртібінің ережелерін білу, сол ережелерді коммуниканттың мәртебесіне сай, қарым-қатынастың ресми/ бейресми жағдаятында іс жүзінде қолдануға, үлкенді сыйлау, құрметтеу, сөйлеушінің сөзін бөлмеу, сөйлеуші тыңдаушыны назардан тыс қалдырмауы, өзін төмен ұстауы, мадақ сөзден қашуы, т.б. тәрізді ұлттық сөз саптау дәстүріндегі талаптар. Ал сөз этикеті ережелері сыпайылық принциптеріне негізделген. Сөйлеуші жақтың өз әріптесіне құрметпен қарауы негізгі ережелердің бірі болып саналады. Ұлттың дәстүрлі сөз саптау мәдениетінде этикалық, эстетикалық құндылықтардың мәні айрықша болады. Мейірімділік, ізеттілік, адамгершілік, жауапкершілік, парыз, т.б. эстетика-этикалық категориялар адамдар арасындағы тілдік қатынаста үйлестіріп-үндестіріп отырады. Сыпайылық стратегиясы дегеніміз - қоғамдық қатынастар негізінде тілдік қатынастардағы қарама-қайшылықтарды болдырмау принципі болып табылады. Сыпайылық стратегиясының мақсаты – қоғам мүшелерінің іс-әрекетін шектеу, яғни, тыңдаушы мен сөйлеуші бір-біріне қызығушылықпен, сыпайылықпен қарау, бір-бірінің сезімімен, ойымен, пікірімен бөлісу, бірін-бірі зейін қойып тыңдау, қиын жағдайдан шығуға көмектесу, т.с.с. болып табылады. «Сөйлеушінің парасаттылығы, білімі оның сөзінен байқалған. Артық, көп, орынсыз сөйлеме, қарым-қатынасты бұзба, түсінісуге тырыс, тыңдаушыңды ескере отырып, сөйле деген жасырын ой берілген. Бұл – талай ғылыми зерттеуге негіз болып, сөйлесім түрлерін ғылыми тұрғыда талдауға басшылыққа алынатын сөйлеу актісі теориясында жіктелетін «қатысым қағидаларының» ұлттық көрінісі», – деген болатын зерттеуші-ғалым З.Ш. Ерназарова [15, 20].

Қазақ тілінде арнайы прагматика деп аталмаса да, прагмалингвистиканың көп қырлы сипатын зерттеп, жалпы прагматикалық мәселелерге стилистиканың негізінде тоқталған ғалымдар бар. Атап айтсақ, А.Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, М. Балақаев, Р.Сыздықова, Р. Әміров, т.б.

Соңғы уақытта қазақ тіл білімінде тілді прагматикалық тұрғыдан зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналды. Қазақ тіл білімінде де осы бағытта З.Ш.Ерназарова «Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері» (2001), Д.А.Әлкебаева «Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы» (2006), А.Ж.Аманбаева «Интонациялық бірліктердің прагмалингвистикалық сипаты» (2006), Г.М.Әзімжанова «Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті» (2007), Қ.Ө.Есенова «Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы» (2007) тақырыптарда зерттеулер жүргізіп, докторлық диссертацияларында саралады. Ал қазақ сөйлеу тіліне тән және оны басқа тілдермен салғастыра зерттеудегі кейбір ерекшеліктері прагмалингвистика тұрғысынан

З.К.Ахметжанова, Г.С.Иманғалиева, Д.Б.Абдукаримова, М.К.Мурзағалиева, И.Н.Нұрғожиналардың зерттеу жұмыстарында қарастырылған болатын. Прагматика туралы З.Ш.Ерназарова: «Прагматика – стилистиканы қалыптастырушы анықтаушы тіл аспектісі. Прагматиканың негізінде сөйлеу жағдаяты мен конвенциялық ережелердің шарттарын есепке ала отырып, жүзеге асатын әрекет, екі жақты әрекет жатыр. Әрекетті тудыратын, оның стратегиясы мен тактикасын, яғни көріну құралдарының түрін анықтайтын – сөйлеушінің мақсаты. Мақсатқа сай таңдалған құралдардан құрылған мәтінде немесе сөйлеу әрекетінің таңдалған түрінде жиі қайталанатын ерекшеліктер мен белгілер, стильдік қолданыс түрлерін қалыптастырады. Сөйлеуші өз мақсатына жету үшін белгілі стиль түрін таңдайды. Ол коммуникацияда прагматикалық салмаққа ие болады. Өйткені ұтымды таңдалған стиль түрі өзара ықпалды арттырады. Сонда стиль мен сөйлеу қағидалары арасындағы байланыс соңғысының алғашқының түрін айқындайтындығын көрсетеді» [15, 22]. Ал Д.А.Әлкебаева «Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы» еңбегінде: «Прагматика сөйлеу әрекеттеріндегі сөйлеушінің интенциясын (ниет-пиғылын) зерттейді. Интенция (лат. Intention «ұмтылу») – осы әңгіме барысында сөйлеушіге не хабарлау немесе одан не білу жайындағы сөйлеушінің коммуникативті ниеті. Прагматиканың анықтамасы мен стилистика ережесінің қағидалары арасында ұқсастық бар. Екеуі де «ықпал ету», «әсер ету» қызметін көрсетеді. Автор стилистикалық амал-тәсілдерді таңдап алғанда, адресатқа әсер ету мақсатын көздейді. Автордың тілдік бірліктерді таңдап алуы, оның ақыл-ойы, санасындағы белгілі прагматикалық мақсатты нәтижелі ұйымдастыра білуіне тікелей байланысты», – деп жазады [16, 22]. Қазақ тіліндегі көркем прозаның прагматикасын зерттеуші-ғалым Г.М. Әзімжанова: «Прагматиканың басты мақсаттарының бірі – сөздің қолданылу сипатын түсіндіру және қалай түсіндірілетінін анықтау. Прагматикалық тұрғыдан зерттегенде, тілдік бірліктер маңызды компонент ретінде қарастырылады, ол жалпы жағдаятты, адресанттың әлеуметтік белгілерін ескере отырып, тілдік бірліктерді қатынас құралы ретінде қолданушы адаммен байланысты болып келеді. Тілді функционалды, коммуникативті, прагматикалық тұрғыдан сипаттау өзара тығыз байланысты әрі бірін-бірі үнемі толықтырып отырады. Тіл арқылы қарым-қатынас жасау барысында адам прагматикалық, коммуникативті кеңістікті анықтайтын тілдік әрекеттердің субъектісі ретінде көрінеді. Тілдің прагматикалық кеңістігі дегеніміз – сөйлеушінің ақиқат шындыққа түрлі қатынасын бейнелейтін тілдік кең аймақ. Ол коммуникативтік қызмет барысында тілді тұтынып, осы қатынастарды атап, көрсетіп білдіреді, ал адресат осы мағыналарды қабылдап, талқылайды» [17, 14].

Прагматикалық аспектілерді зерттеуші ғалым Г.А. Машинбаева: «Прагматика сөйлеу әрекеттерін оқып-үйретуді және оның жүзеге асыру шарттарын зерттейді. Прагматика - коммуниканттардың бір-біріне және мәтінің мазмұнына (жазбаша және ауызша түрде) олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайымен санасқан жеке қарым-қатынасы. Лингвистикалық прагматиканың ең басты ерекшелігі - оның белгілі бір деңгейдегі шектеулі шеңбері болмайды, осыған орай ол көптеген мәселелерді қамтиды. Прагмалингвистика коммуникативтік іс-әрекет туралы ғылым саласы болғандықтан, тіл ғылымының басқа салаларынан бөлшектенбейді, тілдің барлық аспектілерінің қызметіне тікелей қатыса алады. Прагмалингвистика шындыққа негізделген коммуникация бағытында тілдің субстанционалдық-функционалдық ерекшеліктерін, қарым-қатынасын оқып үйрететін сала, сонымен қатар ол белгілі тұлғалардың нақтылы сөйлеу барысында вербалды және бейвервалды тілдік тәсілдерді пайдалана отырып, пікір алысып, ой бөлісуін үйретеді. Ақиқатқа құрылған өмір жағдайларында адам кез-келген уақытта таңбалар арқылы өзінің ой-пікірін тыңдаушыларына немесе оқырманына жеткізе алатындығын үйретуді мақсат етеді» [18, 7].

Ғалым Қ.Есенова: «прагматика міндеті дегеніміз – тікелей адресатқа ықпал етуге бағытталған тілдік қатынас коммуникациясын қолдану заңдылықтарын реттеу, осы арқылы адамды иландыру болып табылады. Мәтіннің прагматикалық әлеуеті онда қамтылатын сөздердің санына емес, семантикалық аясының кеңдігіне, фразеологизмдер мен метафоралық қолданыстардың түрленуге, трансформациялануға бейімділігіне және экспрессивтік мәнінің жоғарылығына тікелей тәуелді», - деп көрсетеді [19, 6]. Прагматиканың негізгі ғылыми нысаны

сөйлеу әрекеті – сөйлеу актісінің негізінде анықталады. Сөйлеу актісін зерттеудің барысында олардың сәтті/сәтсіз жүзеге асырылу ережелері айқындалады. «Сөйлеу актілерінің түрлерін, оларды қалыптастырушы ережелерді анықтау прагматиканың негізгі мақсаты болып табылады. Сөйлеу әрекетінің негізінде әрекет ұғымы, оның мақсаты, содан туындайтын ықпал етуші қызметі (иллокуция) жатты» [20, 152]. «Кез-келген сөйлеу қатынасы сөйлесімдік ықпал жасайды. Сөйлесімдік ықпал ету - сол адамның әрекетін сөйлеу арқылы басқа бір адамның реттеуі. Ықпал жасаушы тұлғаның қатынасқа белсенді қатысу процесінде ықпал етіп отырған субъектісін әрекетке итермелейді» [21, 211].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, прагматика саласы мына мәселелерді қарастырады: сөйлеушінің қалай сөйлесетіндігі және не айтатындығының қатынасы: шынайылық, әділдік, шамамен айтушылық, оның шынайылығы және шынайы еместігі, әлеуметтік ортаға және тыңдаушының әлеуметтік дәрежесіне бейімдігі; тыңдаушының сөйлеуімен интерпретация – шынайы, объективті, шынайылау немесе жалған. Мұның барлығы да, өзінің түрлі құрамына қарай белгілі бір байланыстырғыш бүтіндік құрайды, мұны біз субъект факторы деп есептейміз. Шынында да сөйлеуші жазушыға ұқсап, өзіндік дербес танымын аяқтаған тұтастық ретінде көреді, оның оқиғаларының басталуын да, аяқталуын да біледі және ол туралы айтуға мүмкіндік алады. Қазақ тіл білімінде прагматикалық бағыттың дамуы кездейсоқ нәрсе емес. Прагматиканың ең басты үлгісі сөйлеумен байланысты зерттеу назарынан тыс қалған немесе қалыпты ережелерге көнбейтін тілдік көрсеткіштерді жинақтап, оларға ғылыми негіздеме беруінен көрінеді.

Тілдің қарым-қатынас қызметі әртүрлі аспектіде жүзеге асырылатындықтан, прагматика тілдің жалпы коммуникативтік қызметімен байланысты болады, сондықтан да қолданыстағы тілдік мән мен мазмұнның айырмашылығын ажыратуда прагматикалық бағыт – негізгі ұстаным болады. Қазақ тіліндегі сөйлеу әрекеті – сөйлеу тілін прагмалингвистика тұрғысынан зерттеудің қажеттілігі коммуникативтік қызметтің артуына байланысты қалыптасып отыр. Қазақ тіл білімінде прагматика қарастыратын мәселелер мақсатты түрде болмағанымен, ғылыми зерттеулер барысында қазіргі уақытта жиі айтылып жүр. Сөйлеушінің тілді қолдануы сияқты мәселені қарастыра отырып, прагматика өзіндік зерттеу тарихы бар әртүрлі тақырыптармен байланысады. Бұл мәселелер риторика, стилистика, синтаксис, коммуникация, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика салаларында қарастырылып келеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мурзағалиева М.К. Речевое общение и изучение его проблем // Вестник КазУМОиМЯ, 2002. – №1 (4). – С.67-73
- 2 Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. – М.: Просвещение, 1973. – 495 с.
- 3 Зепалова Т.С. Уроки литературы и театр: Пособие для учителей. – М.: Просвещение, 1982. – 176 с.
- 4 Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл. М., «Наука», 1976. – 136с.
- 5 Моррис Ч. Основная теория знаков. М., 1983.
- 6 Фердинанд де Соссюр. Труды по языкознанию. –М., 1977.
- 7 Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. А., 2001. –223 б.
- 8 Байтұрсынов А. Шығармалары. А., «Жазушы», 1989. –318 б.
- 9 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
- 10 Аманжолов С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы.- Алматы, 1994. –151 б.
- 11 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 2002. – 664 б.
- 12 Қайдар Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. – №10. – 24-25 бб.
- 13 Рақыш Ә. Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 287 б.

- 14 Хасанұлы Б. Мемлекеттік тіл мамандарын оқу өзге тілде жүретін қала мектебі ерекшеліктерін ескере дайындаудың социолінгвистикалық, психолінгвистикалық негіздері (бағдарлама). – Алматы. 2007. – 14 б.
- 15 Ернарарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: Ғыл.докт. дисс. ... – Алматы, 2001. – 246 б.
- 16 Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы: ғыл.докт. дисс.авторефераты ... – Алматы, 2006. – 43 б.
- 17 Әзімжанова Г.М. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті: ғыл.докт. дисс. ... – Алматы, 2007. – 265 б.
- 18 Машинбаева Г.А. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері: ғыл.канд. дисс. ... – Алматы, 2007. – 125 б.
- 19 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы: ғыл.докт. дисс. ... – Алматы, 2007. – 345 б.
- 20 Арутюнова Н.Д., Падучева Е.В. Истоки, проблемы и категории прагматики. // НЗЛ. Вып. XVI. Лингвистическая прагматика. – М.:Прогресс, 1985. – 501с, С.3 – 42.
- 21 «Стратегии исследования языковых единиц». Материалы Международной научно-практической конференции. – Тверь, 16-17 апреля, 2010 г. – 295 с.

Материал 11.02.2021 баспаға түсті

#### REFERENCES

- 1 Murzagaliev M. K. Speech communication and the study of its problems // Kazumoimya Bulletin, 2002. – №1 (4). – Pp. 67-73
- 2 Timofeev L. I. Fundamentals of the theory of literature. – М.: Prosveshchenie, 1973. – 495 p.
- 3 Zepalova T. S. Literature lessons and theater: A manual for teachers. - М.: Prosveshchenie, 1982. – 176 p.
- 4 Arutyunova N. D. Sentence and its meaning. М., "Science", 1976. – 136 s.
- 5 Morris Ch. The basic theory of signs. – М., 1983.
- 6 Ferdinand de Saussure. Trudy po yazykoznaniyu. – М., 1977.
- 7 Kazakh is the state language. Materials of the Republican scientific and practical conference. – А., 2001. – 223 p.
- 8 Baitursynov A. Works - А., "The Writer", 1989. – 318 p.
- 9 Zhubanov K. research on the Kazakh language. Almaty: Nauka publ., 1999. – 581 p.
- 10 Amanzholov S. short course of scientific syntax of the Kazakh language. Almaty, 1994. – 151 p.
- 11 Akhanov K. fundamentals of Linguistics. Almaty: Sanat publ., 2002. – 664 p.
- 12 Kaidar A. T. Ethnolinguistics // education and labor. – 1985. - No. 10. – pp. 24-25.
- 13 Rakish B. Problems of Kazakh linguistics and linguodidactics. - Almaty: "Kazakh university", 2006. – 287 p.
- 14 Khasanov B. Sociolinguistic, psycholinguistic bases of training specialists in the state language, taking into account the specifics of the city school, where training is conducted in a different language (program). – Almaty. 2007, – 14 p.
- 15 Yernazarova Z. Sh. pragmatic foundations of syntactic units of the Kazakh Speech Language: Science.doct. diss. ... Almaty, 2001. – 246 p.
- 16 Alkebayeva D. Pragmatics of stylistics of the Kazakh language: science.doct. diss.abstract ... Almaty, 2006. – 43 p.
- 17 Azimzhanova G. M. Pragmatic potential of the text of Kazakh artistic prose: science.doct. diss. ... Almaty, 2007. – 265 .
- 18 Mashinbaeva G. A. Linguopragmatic aspects of the Television language: science. Kand. diss. ... Almaty, 2007. – 125 p.
- 19 Yesenova K. O. Pragmatics of modern Kazakh media text: science.doct. diss. ... Almaty, 2007. – 345 p.

20 Arutyunova N. D., Paducheva E. V. Sources, problems and categories of pragmatics. // NZL. Issue XVI. Linguistic pragmatics. - M.: Progress, 1985. – 501с, pp. 3-42.

21 "Strategies for the study of language units". Materials of the International Scientific and Practical Conference. – Tver, April 16-17, 2010. – 295 p.

### **Прагмалингвистическая направленность речевой деятельности в казахском языке**

**Ф.Т. Саметова,<sup>1</sup> А.А. Сарымбетова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Академия Кайнар, Алматы, 050000, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Университет иностранных языков и деловой карьеры, Алматы, 050000, Республика Казахстан

*Речевая деятельность исходит из необходимости начала коммуникативного акта. С помощью речевого общения происходит общение, влияние на слушателя, осуществляется коммуникация предложения. Поэтому в настоящее время речевая коммуникация, теории речевого акта в лингвистике рассматривается как новое направление, прагматическое изучение языка стало одной из актуальных проблем.*

*Так как языковая функция общения реализуется в различных аспектах, прагматика будет связана с общей коммуникативной функцией языка, поэтому прагматическое направление – ключевая позиция в различии существующего языкового смысла и содержания. Необходимость изучения речи с точки зрения прагмалингвистики сложилась в связи с увеличением коммуникативной деятельности. В казахском языкознании проблемы, рассматриваемые прагматикой, не изучены, и только в настоящее время в ходе научных исследований поднимаются данные вопросы.*

Материал поступил в редакцию журнала 11.02.2021

### **Pragmalinguistic orientation of speech activity in the kazakh language**

**F.T. Sametova,<sup>1</sup> A.A. Sarymbetova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Kainar academy, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>University of foreign languages and business career, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

*Speech activity is based on the need to start a communicative act. Speech communication is used to communicate, influence the listener, and communicate the sentence. Therefore, at present, speech communication and speech act theory in linguistics are considered as a new direction, and pragmatic language learning has become one of the most pressing problems.*

*Since the language function of communication is implemented in various aspects, pragmatics will be related to the General communicative function of the language, so the pragmatic direction is a key position in the difference between the existing language meaning and content. The need to study speech from the point of view of pragmalinguistics has developed in connection with the increase in communicative activity. In Kazakh linguistics, the problems considered by pragmatics have not been studied, and only now these issues are being raised in the course of scientific research.*

Received: 11.02.2021

MFTAP 16.21.07

### **С.К. Сәтенова**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы